

Браузер кэшін қалай тазартуға болады?

Кэш - уақытша сақтауды сипаттау үшін қолданылатын термин. Осылайша, кэштелген деректер кэш қоймасында сақталған элементтер жиынтығы болып табылады.

Браузер белгілі бір файлды сұраған сайын, ол ресурстың жергілікті қол жетімділігін тексереді. Егер ізделетін нысан табылмаса, онда браузер сәйкес веб-серверге сұраныс жібереді және оны файл түріне байланысты кэштелген деректер ретінде сақтайды.

Браузер кэшін тазалау үшін:

Google Chrome

1. Бүйірлік мәзірге өтіп, **History** > **History** (Тарих > Тарих) бөлімін ашыңыз.
2. **Clear Browsing Data** параметрін таңдаңыз.
3. Уақыт аралығын таңдаңыз. Барлық мазмұнды жойғыңыз келсе, **All Time** таңдаңыз.

4. Қай элементтер жойылатынын белгілеңіз - **кэш, cookie файлдары, тарих.**
5. **Clear Data** түймесін басыңыз.

Mozilla Firefox

1. Бүйірлік мәзірді ашып, **Library > History > Clear Recent** тармағына өтіңіз
History (Библиотека > История > Очистить текущую историю).
2. Уақыт аралығын таңдаңыз. Барлығын жойғыңыз келсе, **All Time** таңдаңыз.
3. Қай элементтерді жою керектігін белгілеңіз - **кэш, cookie файлдары, история, т.б.**
4. **Clear Data** түймесін басыңыз.

Opera

1. Төменгі сол жақ мәзірде орналасқан **History** белгішесін басыңыз.
2. **Clear Browsing Data** параметрін таңдаңыз.

3. Уақыт аралығын таңдаңыз. Барлығын жою үшін - **the beginning of time** таңдаңыз (басынан бастап).
4. Жойылатын элементтерді таңдаңыз - **кәштелген суреттер мен файлдар, cookie файлдары**.
5. **Clear Browsing Data** түймесін таңдаңыз.

Microsoft Edge

1. Жоғарғы оң жақ мәзірге өтіп, **Settings** «Параметрлер» тармағын таңдаңыз.
2. **Clear browsing data** «Шолу деректерін тазалау» бөлімінде **Choose what to clear** «Тазалауды таңдау» түймесін басыңыз.
3. Ашылмалы тізімнен жойғыңыз келетін нәрсені таңдаңыз.
4. **Clear** «Тазалау» түймесін басып, процестің аяқталуын күтіңіз.
5. Сондай-ақ браузер бағдарламасы жабылған сайын автоматты түрде жою параметрі бар.